

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2021 жылғы 16 қыркүйек**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Серікбай Өтелгенұлы Трұмовтың ант беруі туралы.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысының Жарлығымен Серікбай Өтелгенұлы Трұмов Сенат депутаты болып тағайындалды.

Серікбай Өтелгенұлы жұмысшыдан басталған еңбек жолында Маңғыстау облыстық мәслихатының хатшысы, қала, облыс әкімі сияқты жауапты қызметтерді атқарып, туған өңірінің өсіп-өркендеуіне зор еңбегін сіңірді. Енді біздің қатарымызға қосылып отыр.

Серікбай Өтелгенұлы, сізді сенатор болып тағайындалуыңызбен құттықтаймыз. Депутаттық қызметіңізге табыс тілейміз.

Конституциялық нормаларға сәйкес жаңадан тағайындалған депутат Палата отырысында ант беруі тиіс. Сондықтан ант беру рәсіміне көшейік.

Ант беру үшін мінбеге Серікбай Өтелгенұлы Трұмов шақырылады.

ТРҰМОВ С.Ө. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, өзіме жүктеген депутаттың мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет. Серікбай Өтелгенұлы, елдік мүдде жолында әрі қарай да нәтижелі еңбек ете бересіз деп сенеміз. Тағы да бәрі құтты болсын, табысты болсын.

ТРУМОВ С.Ө. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, орныңызға отырыңыз.

Құрметті сенаторлар! Келесі мәселе Сенат депутаты Серікбай Өтелгенұлы Трумовты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы.

Серікбай Өтелгенұлы Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің құрамында қызмет етуге өтініш білдірді.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Серікбай Өтелгенұлы Трумовты Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің құрамына сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Заң жобасын бірінші оқылымда қараймыз.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Шәпкенов Серік Жамбылұлына беріледі.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы енгізіледі.

Заң жобасы Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларды, еңбек ардагерлерін және азаматтардың өзге де жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау жөніндегі заңнаманы жетілдіру үшін әзірленді.

Заң жобасы Парламент Мәжілісі мен Сенатындағы жұмыс тобы мүшелерінің, Үкімет жанындағы мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің, сондай-ақ жұртшылық пен сараптамалық қоғамдастықтың ұсыныстары бойынша қабылданды.

Бұл нормаларды «Nur Otan» партиясы қолдап, сайлауалды платформада көрініс тапқанын айта кету керек.

Ендігі кезекте негізгі тұжырымдамалық жаңалықтарға тоқталуға рұқсат етіңіздер.

1. Себептеріне қарамастан бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың күтім көрсетушілеріне жаңа жәрдемақы түрін енгізу қаралған.

Бүгінгі таңда бірінші топтағы 66 мың мүгедектігі бар адамның әрбір үшіншісі (24 мың адам) күтімі бойынша жәрдемақымен де, жеке көмекшінің қызметімен де қамтылмаған, яғни басқа адамның көмегіне зәру, өз бетімен жүріп-тұра алмайтын жандар. Осылайша заң жобасын қабылдау нәтижесінде күтімі бойынша жәрдемақымен қосымша 24 мың адам қамтылатын болады.

2. Бала денсаулығының бұзылу дәрежесін және тыныс-тіршілігінің шектелуін ескере отырып, заң жобасында 7 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды топтар бойынша бөлу көзделген.

Бұл бала ауруының дәрежесіне қарай оңалту іс-шаралары мен әлеуметтік көмекті, оның ішінде жәрдемақылар мөлшері бөлігін саралауға мүмкіндік береді. Бұл шара 30 мыңнан астам мүгедектігі бар балаға әсер етеді.

3. Мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақыларды бір мезгілде алу құқығын беру көзделген.

Бүгінгі таңда мүгедектігі бар балалар ата-анасы ажырасқан кезде алиментке қоса мүгедектігі бойынша жәрдемақыны қатар алып отырады. Алайда ата-анасының біреуі, не екеуі де қайтыс болған жағдайда бала тек қана мүгедектігі бойынша немесе асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақы алады.

Жәрдемақының екі түрін бір мезгілде тағайындау ата-анасынан айырылған балаларға қатысты кемсітетін норманы алып тастауға және асыраушысынан айрылған және құрамында мүгедек балалары бар отбасылардың табыс деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған норма енгізілген кезде 2 мыңнан астам бала мүгедектігі бойынша жәрдемақымен қоса асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алады.

4. Жұмыс берушінің өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда еңбекте мертігуден мүгедек болған адамдарды мемлекет есебінен оңалтудың техникалық құралдарымен және қызметтерімен қамтамасыз ету.

Бүгінгі күні жұмыс беруші – жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған жағдайда олардың міндеттемелерін мемлекет өзіне алады.

Бұл ретте айта кететін мәселе, кәсіпорын қызметі тоқтап тұрған кезеңде немесе банкроттық рәсімдерін жүргізу кезінде кейбір жағдайларда бұл рәсімдер 1,5 жылға дейін созылады. Осындай жағдайларда мүгедектігі бар адамдар оңалту техникалық құралдарын алу мүмкіндігінен айырылған. Аталған шара 2 мыңға жуық адамды техникалық құралдары мен оңалту қызметтерімен қамтуға мүмкіндік береді.

5. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға бала кәмелеттік жасқа толғаннан кейін де тұрғын үй алу үшін кезекте тұру құқығын сақтау.

Тәжірибеде бұндай отбасылар үй алуға 10 жылға дейін кезекте тұра береді. Егер олар 18 жасқа дейін үй алмаса, онда олар мүгедектігі бар адам ретінде қайтадан кезекке тұру керек. Бұл норма 20 мыңнан астам отбасының кезектілігін сақтауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек басқа заң жобасында мүгедектігі бар баланы күту кезеңін 16 жастан 18 жасқа дейін ұзарту көзделген. Ол зейнетақы төлемдері мен базалық зейнетақы тағайындау кезінде оң әсерін тигізеді.

Құрметті депутаттар! Қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған негізгі тұжырымдамалық жаңашылдықтар қысқаша айтқанда осындай. Заң жобасын қабылдау 400 мыңдай отандасымыздың құқықтарын жақсартуға ықпал етеді.

Заң жобасы қажетті 55 миллиард теңгемен қамтамасыз етілген және бұл ретте шығын нормалары 2021 – 2023 жылдарға бөлінген қаражат шеңберінде іске асырылатын болады.

Баяндама аяқталды. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызына беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Серік Жамбылұлы! Елімізде мүгедектерді қолдау мен қорғауға қайырлы іс-әрекеттер, соның ішінде керекті заңдар шығарылған. Бүгінгі заң соған қосылған үлес. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңға сәйкес сіздің министрліктің құзыретіне мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау, қолжетімділікке кедергі келтіретін келеңсіз жағдайларды анықтау және оларды жою кіреді. Мүмкіндігі шектеулі адамдарды тіркеу, мүгедектігінің себептерін, құрылымы мен жағдайын бақылау жүйесінің орталықтандырылған деректер банкін қалыптастыру да сіздің құзыретіңізге жатады.

Іс жүзінде мүгедектердің біраз жағдайға көңілдері толмай жүр. Зейнетақы, жәрдемақы, мәдени қызметтің, демалыс саласының жетімділігі өзекті болып қала береді. Сонымен қатар есту және көру мүшелерінде ақауы бар адамдарға жоғары оқу орындарында білім беру мәселесі де өзекті болып келеді.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты айтсақ, Әлеуметтік қызметтер порталы да дұрыс жұмыс істемейді, көзі көрмейтіндерге қатысты тіпті реттелмеген. Соған байланысты менің сұрағым:

Қабылданған заңдардың талаптарын орындамаудың себебі неде және оларды қалай жоюға болады? Рақмет.

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сәуле Мұханбедианқызы! Өте орынды сұрақ. Біздің министрлік осы мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын бірінші кезекте қорғау және оларға жағдай жасау бойынша қызмет атқарады.

Жаңа айтып отырған мәселелер бойынша осы саладағы қызмет біздің министрлікпен ғана шектеліп қалмайды, біз Білім және ғылым министрлігімен, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесе отырып қызметтерді атқарып келеміз.

Жаңа өзіңіз айтқандай, бізде деректер базасы толығымен бар. Оның ішіне бізде мүгедектігі анықталған азаматтардың барлығы кіреді. Қандай себептермен алғаны, қандай аурушандықпен алғаны, топтарына байланысты, жынысына байланысты немесе жасына байланысты, осылардың бәрі бізде бар. Осыған байланысты әрбір мүгедектің жеке өзіне

жеке оңалту бағдарламасы (ИПР) жасалады. Осы бойынша біз жұмыстарды атқарып жатырмыз.

Енді жаңа сіз айтып отырған мәселеге келсек, заң жүзінде көптеген мәселелер қабылданған: қолжетімділік, оның ішінде жеке оңалту бағдарламасымен (ИПР) қамтамасыз ету мәселелері. Жаңа сіз айтқан мәселенің бірі неге жетіспейді деген мәселені айтар болсақ, ол жергілікті атқарушы органдарда (егер нақты ИПР-ға қатысты айтар болсақ) қаражаттың уақытылы бөлінбеуі. Осыған байланысты біз қазіргі таңда өзіңіз айтып отырған порталды енгіздік. Егер бұрын-соңды жергілікті атқарушы органдар келген арыз-шағымдарға қарай беретін болса, қазір мүгедектігі анықталғаннан кейін біз оны базаға енгіземіз. Ол адамның қазірден бастап өзінің құқығына сай түгелдей алуға мүмкіндігі бар. Біз қазір осыны қадағалап отырмыз. Бүгінгі таңда портал бойынша осы қажет құрал-жабдықтардың 62 пайызымен қамтылған, былтырғы жылы осы уақытта 38 пайыз ғана болған. Сондықтан әлі де жұмыс істеуіміз керек, негізінен заңмен бекітілгеннен кейін біз жүз пайыз оны қамтамасыз етуіміз керек. Қазір жергілікті атқарушы органдармен осы мәселе бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

Порталдың жұмысына келетін болсақ, былтыр пилоттық режимді енгіздік. Бұл өте қажет құрал деп есептеймін, себебі бұл қазіргі таңда бірнеше мәселені шешті. Өзіңіз айтып отырған бұрынғы кезде мүгедектікті біз анықтайтынбыз, белгілейтінбіз, ал ары қарай ол сол құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді ме, етілмеді ме, оның статистикасы әрбір өңірде бөлек-бөлек болған. Қазір оның бәрін бір жүйеге келтіру арқылы біз қанша адамның қамтамасыз етілмей қалғанын көріп отырмыз және оны қамтамасыз ету жөнінде жергілікті атқарушы органдармен жұмыс істеп отырмыз.

Ол құрал болғандықтан оған арыз-шағымдар болады, ол жөнінде мен өзімнің бастауыммен арнайы жұмыс тобын құрып, оны жақсарту жөнінде ай сайын арыз-шағымдар бойынша жұмыс жасап отырмыз.

Мен сол порталды біздің комитетпен бірге депутаттарға көрсетсек деп ойлаймын. Өңірлерден түскен қандай да бір арыз-шағымдар болатын болса, оны бірге дұрыстау негізінен көп нәрсені шешеді. Бұрын-соңды арыз-шағымдар қандай болды? Әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері (собес) өздері мемлекеттік сатып алу жүйесімен (госзакупка) сатып алып үлестіретін болса, қазір бұл порталда мүгедектігі бар адамдардың өзінің таңдау құқығы пайда болды.

Екіншіден, бұрын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға байланысты алты-сегіз айға дейін созылып кететін болса, қазір тікелей порталдан бір айдың ішінде өзіне керек құжаттарды қабылдау мүмкіндіктері пайда болды.

Әрине, барлығы өте жақсы деп айта алмаймын, порталда да мәселелер бар. Жаңа айтып отырмын, комиссия құрдық, бірлесе отырып осылай шешіп келе жатырмыз. Рұқсат болса біз тағы да таныстырайық, көрсетейік, мәселелер болса бірлесіп қарауға дайынбыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Жамбылұлы Шәпкеновке арналады.

Мүгедектігі бар адамдарды және оларға қамқор болып отырған отбасыларды әлеуметтік қорғау қоғам үшін өте маңызды. Осы бағытта азаматтардың мүгедектігін белгілеу және жәрдемақы түрін енгізу процесіне жұмсалатын уақытты неғұрлым азайту өте маңызды. Азаматтардан бұл мәселеге қатысты өтініштер депутаттардың атына жиі келіп тұрады. Осыған байланысты сұрақ:

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу барысында құжаттарды дайындауды жеңілдету және мерзімін қысқарту мәселесіне байланысты ой-тұжырымыңыз қандай?

ШӘПКЕНОВ С.Ж. Рақмет. Өте жақсы сұрақ.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Бақтыбай Ақбердіұлы! Біздің министрлік өзінің негізгі қызметінде жағдай жасау мәселесі бойынша біртіндеп іс жүргізіп келе жатыр. Оның ішінде жаңа өзіңіз айтқан мүгедектікті анықтау кезінде және оны алу кезінде азаматтарға қолайлы жағдай жасау және ол кісілерді әуре-сарсаңға түсірмей қажет құжаттарын қысқарту жөнінде, оның қайтадан өту немесе тағы да басқа нормаларын реттеу жөнінде біркелкі жұмыстар жүргізілді.

Енді қазір цифрлық заман деп жатырмыз, осыған байланысты біз сырттай мүгедектікті анықтау жүйесін енгізу жөнінде алдымызға жоспар қойып отырмыз.

1 қазаннан бастап алты облыста пилоттық режимді іске асырамыз. Бұл жерде қазір бізді бір ғана мәселе ұстап тұр, бұл Денсаулық сақтау министрлігіндегі базалар мен біздің базаның екі ортасындағы интеграция. Біздің жақтағы барлық базалардың бәріне интеграция жасадық, ендігі жерде Денсаулық сақтау министрлігінің базасымен интеграция істегеннен кейін 1 қазаннан бастап пилоттық режимге кірісеміз. Бұл бізге не береді?

Қазіргі таңда мүгедектікті алу үшін азамат бірінші денсаулық сақтау объектілерінің жүйелеріне барады. Ол жерде өзінің анализдерін тапсырады, содан кейін сол жерде ВКК-дан өтеді, №31 және №33 форманы толтырады, оны бізге алып келеді, жаңа айтып отырған біздегі МСЭ оны қарайды, сол формалар арқылы шешім қабылдаймыз. Одан кейін ол сол шешімнің барлығын алып әлеуметтік қамсыздандыру мекемесіне (собес) барады, сол жерде жеке оңалту бағдарламасы (ИПР), тағы басқа да құралдарын алады. Қазір осының барлығын бір жүйеге біріктіреміз.

Бұл жерде Денсаулық сақтау жүйесіне барғаннан кейін адам ары қарай жүрмейді, сол жерде анализін тапсырады, сол жерде ВКК-дан өтеді. Қағаздың бәрі жүйемен бізге келеді, ол кісіні көрместен эксперттер шешім қабылдайды және сол жерде тағайындалған жеке оңалту бағдарламасы (ИПР) сол базаға енгізіледі. Ол кісіге мүгедектік тағайындалған жағдайда электрондық порталға кіру арқылы немесе eGov.kz арқылы өзінің бүкіл процестерін көріп тұратын болады. Міне, осындай жүйені енгізуді жоспарлап жатырмыз.

Мәулен Сағатханұлы, мүмкіндік болса бұл жүйені де комитетпен бірге таныстырсақ дейміз, бұл жаңадан бастап жатқан бастамамыз, өте жақсы бастама, көптеген азаматқа өзінің жеңілдігін береді деген сенімдемін. Осындай жұмыстарды істейміз.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Серік Жамбылұлы. Орныңызға отырыңыз.



Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған заң жобасының басты мақсаттары жөнінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Жамбылұлы толықтай баяндап берді.

Еліміздің өзекті мәселелерінің бірі қашан да халықты әлеуметтік қорғау мәселесі болып табылады. Қаралып отырған заң жобасына Сенат жанынан 2019 жылы құрылған Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс тобының шеңберінде берілген ұсыныстар енгізілді.

Заң жобасында 16 заңнамалық актіге, соның ішінде 2 кодекске және 14 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтиже мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту, қолданыстағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру және мүгедек балалардың барлық топтары үшін сырқаттың дәрежесіне қарай жәрдемақылар мөлшерін арттыру болып табылады.

Бүгінгі күні «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек өтілін есептеу кезінде 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күткен уақыт есепке алынады.

Заң жобасында еңбек өтілін есептеу уақытын 18 жасқа дейін ұзарту көзделген. Бұл шара зейнеткерлік жасқа келген адамдарға мемлекеттік базалық зейнетақысын және жасына байланысты зейнетақы төлемін алу кезінде еңбек өтілін толық ескеруге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мүгедек адамдарды техникалық құралдар және қызметтермен қамтамасыз ету Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады. Алайда белгілі себептерге байланысты кей мүгедек адамдардың портал арқылы өзіне қажетті құралдарын алу мүмкіндігі болмай отыр. Мысалға алсақ:

көп жағдайда жалғызбасты жандар және денсаулығына байланысты электрондық құралдарды пайдалану мүмкіндігі жоқ адамдар портал арқылы қажетті құралдарды өздігімен ала алмауына;

бағасы қымбат протездік бұйымдарды заводтар жасап бергенмен, порталда кейбір жекелеген әлеуметтік қызметтерге орташа баға қарастыруға мүмкіндіктің болмауына;

кейбір ауылдарда әлі де интернеттің жоқтығына және тиісті деңгейде жұмыс жасамауына байланысты портал арқылы кейбір азаматтар өзіне қажетті қызметтерді ала алмауда.

Сондықтан аталған жағдайларды ескере отырып, қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң бойынша жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік сатып алу арқылы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етуі қажетті қызметтерді алудың балама түріне қалдырылып отыр.

Сонымен қатар заң жобасы шеңберінде бір салада көп жыл жұмыс жасаған, сондай-ақ еңбек қызметінде жоғары жетістіктерге жеткен адамдарды қолдау мақсатында еңбек ардагерлерінің тізімі кеңейтілді.

Жалпы алғанда заң жобасы азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселесін жан-жақты қамтиды.

Енді төмендегі бірқатар мәселеге Үкіметтің назарын аударғым келеді.

1. Мүгедек адамдарды санаторий-курорттық емдеу қызметтерімен қамтамасыз ету мәселесі.

Мүгедек адамдардың мемлекет тарапынан санаторий-курорттық емдеуге арналған бір күндік орташа бағасы бүгінгі күні 8 мың 700 теңгені құрайды. Бұл санаторий-курорттық емдеу орындары ұсынған бір күндік бағадан әлдеқайда төмен. Сондықтан санаторий-курорттық емдеуге арналған орташа бағаны ұлғайту мәселесін қарастыру қажет.

2. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 72 мың мүгедек азамат санаторий-курорттық еммен қамтылуы қажет болған, алайда жергілікті атқарушы органдардың бөлген қаражатының жетіспеушілігіне байланысты аталған еммен тек қана 55 пайыз мүгедек азамат қамтылып отыр.

Осы ретте мүгедек адамдарды санаторий-курорттық еммен 100 пайыз қамту үшін жергілікті атқарушы органдарға қосымша қаражат бөлу мәселесін шешу қажет.

3. Қазіргі таңда мүгедек адамдарды жұмыспен қамту мәселесі өзекті болып қалуда.

Өкінішке қарай, бүгінгі күні жұмыс берушілер қолданыстағы заңда қарастырылған мүгедектерді жұмысқа орналастыру бойынша белгіленген квотаны тиісті түрде орындамай отыр. Осы себептен мүгедек адамдарға белгіленген квота шеңберінде жұмыс беруші мүгедек адамды жұмысқа орналастырмағаны үшін жұмыс берушінің есебінен өтемақы төлеу тетігін енгізуді қарау қажет деп санаймыз.

Аталған заң жобасы мүгедек адамдардың жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізетін болады.

Құрметті әріптестер! Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті осы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нариман Төреғалиұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы мемлекеттің базалық әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін қамтиды. Заң жобасын қабылдау мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға, олардың сыртқы көмектен тәуелсіз болуына және әлеуметтік өмірдің түрлі аспектілеріне қосылуына оң ықпал ететін болады.

Бір мезгілде екі жәрдемақы алу құқығын беру нормасы қарастырылып отыр, яғни ол мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және мүгедек балалары бар отбасыларға қатысты болмақ.



7 жастан 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды топтары бойынша бөлу және оңалту іс-шаралары балалар ауруының дәрежесіне қарай жәрдемақылар мөлшерін арттырады.

Жоба бойынша «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заң «жеке көмекші», «оңалту», «ымдау тілі маманы» сияқты жаңа анықтамалармен толықтырылды. Мүгедектерді Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы сатып алынатын тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз етуді реттейтін жаңа бап енгізілді. Сонымен қатар мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін бала кәмелетке толғаннан кейін тұрғын үй кезегінде тұру құқығы сақталады.

Сонымен бірге «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына құқық қорғау органдарының қызметкерлерін еңбек өтіліне қарай зейнетақымен қамсыздандыру мәселелеріндегі бұрын болып келген құқықтық олқылықты жою мақсатында қызметтен шығарылған күнгі зейнетақы төлемдерінің мөлшерін белгілейтін түзетулер енгізіліп отыр.

Заң жобасының қабылдануы мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру саласын біршама реформалайды.

Қымбатты әріптестер, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Министр Серік Жамбылұлы, сөз сізде.

ШӨПКЕНОВ С.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Өте маңызды заң жобасын қолдап жатырсыздар. Өзімнің атымнан, министрліктің атынан алғысымды білдіргім келеді.

Бұл заң жобасымен мәселенің бәрі бірден шешіліп қалмайды, оны бәріміз түсінеміз, әлі де көптеген мәселелер күтіп тұр. Сондықтан алдағы уақытта да Сенат депутаттарымен бірлесе отырып мүгедектігі бар азаматтардың жағдайларын жақсарту бойынша жұмыс жасайтын боламыз.

Қолдауларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Серік Жамбылұлы. Енді өзіңіз білесіз, біздің депутаттардың бастамасымен тағы да бір заң жобасы дайындалып жатыр. Сол заң жобасында мүгедектігі бар азаматтарды қолдауға арналған қосымша шаралар болады, сол заң жобасын бірге жасап, жақын арада оны да бірге қараймыз деп сенеміз.

Рақмет. Сау болыңыз.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

## МАЗМҰНЫ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

#### СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 16 қыркүйек

<b>Күн тәртібі бойынша</b>	
О повестке дня .....	1
<b>Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты С.Ө. Трұмовтың ант беруі туралы</b>	
О принесении присяги депутатом Сената Парламента Республики Казахстан Трумовым С.У. ....	1
<b>Сенат депутаты С.Ө. Трұмовты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы</b>	
Об избрании депутата Сената Трумова С.У. в состав постоянного комитета Сената Парламента Республики Казахстан .....	2
<b>Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)</b>	
О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам социальной защиты отдельных категорий граждан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)	
<b>Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі С.Ж. ШӘПКЕНОВТІҢ баяндамасы</b>	
Доклад Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ШАПКЕНОВА С.Ж. ....	2
<b>Сөз сөйлегендер:</b>	
Выступили:	
АЙТПАЕВА С.М. ....	4
ШЕЛПЕКОВ Б.А. ....	5
<b>Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің хатшысы Н. ТӨРЕҒАЛИЕВТЫҢ қосымша баяндамасы</b>	
Содоклад секретаря Комитета по социально-культурному развитию и науке ТУРЕГАЛИЕВА Н. ....	7
<b>Сөз сөйлегендер:</b>	

Выступили:


ҚАПБАРОВА А.Ж. ....	8
ШӘПКЕНОВ С.Ж. ....	9

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің  
жетекші редакторы



И. Шыныбаева